


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Аннотация. Пословицы, являясь компонентом языка, отражают культуру, природу и основные ценности народа. Поэтому изучение пословиц помогает понять национальные особенности определенного народа. Пословицы, в свою очередь, являясь атрибутом культуры определенного народа, являются самым необходимым материалом для изучения исторических событий, этнографии, быта, мировоззрения этого народа. В пословицах отражена вся многогранная жизнь народа, все сферы деятельности человека, его существование. Именно поэтому пословицы являются древнейшим пластом любого языка, первоисточником национальных культур и всегда представляют научно-исследовательский интерес. В статье казахские пословицы рассматриваются с точки зрения лингвокультурологии, а также выявлены характерные черты казахской культуры и менталитета через пословицы, отражающие казахский национальный характер.

Ключевые слова: паремиология, паремия, пословицы и поговорки, лингвокультурология, национальная картина мира, культура речи, национальная идентичность.

Annotation. Proverbs, being a component of the language, reflect the culture, nature and basic values of the people. Therefore, the study of proverbs helps to understand the national characteristics of a certain people. Proverbs, in turn, being an attribute of the culture of a certain people, are the most necessary material for studying historical events, ethnography, everyday life, and the worldview of this people. The proverbs reflect the whole multifaceted life of the people, all spheres of human activity, and their existence. That is why proverbs are the oldest layer of any language, the primary source of national cultures and are always of scientific and research interest. The article examines Kazakh proverbs from the point of view of linguoculturology, and also identifies the characteristic features of Kazakh culture and mentality through proverbs reflecting the Kazakh national character.

Keywords: paremiology, paremia, proverbs and sayings, linguoculturology, national worldview, culture of speech, national identity.

Kіріспе

Соңғы жылдары заманауи тіл біліміндегі ғылыми зерттеулер этносты, ұлт мәдениетін тіл арқылы зерттеуді қағида етті. Олар объективті шындықты адамның танымы, ой-санасы, рухани дүниесімен тығыз байланыста зерттеуге бағытталды. Лингвистикада тілді тұтынушы адамды, ұлтты бірінші орынға қоятын осындай антропоцентристік парадигма этнолингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану сияқты жаңа бағыттар қалыптастыра бастады. Осындай жаңа бағыттардың қарқынды дамуы тіл мен ойлау фактілерін халықтың ұлттық құндылықтарымен, рухани дүниетанымымен, психологиялық ерекшеліктерімен байланыста тереңірек зерттеуге жол ашты.

Лингвомәдениеттану – антропоцентристік парадигманың аясына енетін заманауи лингвистиканың жаңа бағыттарының бірі. В.Телия «лингвомәдениеттану – адамға, нақтырақ айтқанда тілдегі мәдени факторға және адамдағы тілдік факторға бағдарланған. Бұл дегеніміз лингвомәдениеттану – мәдениет феноменінің орталығы болып табылатын адам туралы антропологиялық ғылым игілігі» деп бағамдайды. Ал ғалым В.Маслова «лингвомәдениеттану – тілде көрініс тауып, тілде бекіген халық мәдениетінің пайда болуын зерттейтін тіл білімі мен мәдениеттану ғылымдарының тоғысуынан пайда болған лингвистиканың саласы» дей келе, «тіл – мәдениет фактісі, себебі біріншіден, ол ата-бабамыздан мирас болып қалған мәдениеттің құрамды бөлігі. Екіншіден, тіл – бізге мәдениетті сіңіретін негізгі құрал. Үшіншіден, тіл – мәдени құндылықтардың ең маңызды көрінісі» [1, 9 б.] деп тіл мен мәдениеттің бір-бірімен тығыз байланысты екенін айтады. Алайда лингвомәдениеттанудың зерттеу нысанына келгенде екі ғалымның пікірі екіге жарылады. В. Телия «лингвомәдениеттанудың зерттеу объектісі ұлттық қана емес, аса маңызды жалпыхалықтық мәдени ақпарат» десе, В. Маслова «лингвомәдениеттанудың зерттеу объектісі белгілі бір халыққа немесе туыстас халықтарға ғана тән мәдени ақпарат» деп оның аясын тарылтып түсіндіреді. Алайда осындай түрлі пікірдегі ғалымдарды, тілдің мәдени қызметіне, тілде көрініс тапқан әлем бейнесін зерттеуге, белгілі бір этностың мәдени ерекшеліктерін анықтауға деген қызығушылықтар біріктіреді.

Ғалым Б. Ақбердиева тілді антропологиялық бағытта зерттеуде тіл және адамның рухани белсенділігі; тіл мен ойлау; тіл және адам физиологиясы; тіл және индивид психологиясы; тіл және мәдениет; тіл және таным; тіл және қоғам; тіл және жалпыхалықтық құндылықтар; тіл және коммуникация сияқты мәселелерді алға қою керек дейді [2, 74 б.].

Мәдениеттану адамның табиғатқа, қоршаған ортаға, тарих пен өнерге, сондай-ақ оның әлеуметтік және мәдени тұрмысының басқа салаларына деген сана-сезімін зерттесе, тіл білімі әлемнің тілдік бейнесінің тілде ментальды модельдері түрінде көрініс тапқан дүниетанымын қарастырады. Екеуі де лингвомәдениеттанудың басты нысаны болып табылады. Мәдениет – халықтың тарихи жады болса, тіл өзінің кумулятивтік қызметінің арқасында оның өткенін, бүгін мен ертеңін ұрпақтар сабақтастығының сақталуымен қамтамасыз етеді. Лингвомәдениеттану тілді мәдениеттің феномені ретінде, тіл мен мәдениет біртұтас жүйе ретінде «тіл мен мәдениет» сабақтастығында қарастырылады. Тіл мәдениетті танытып қана қоймайды, ол ұлттық таным мен ұлттық рухты сақтайтын негізгі көздердің бірі. Яғни, халықтың мәдениеті сол халықтың тілінен көрініс тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Бұл жөнінде академик Ә. Қайдар барлық тілдің қоғамда атқаратын үш қызметі бар деп, оның бірінші қызметіне қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бірін-бірі түсіну, пікір алысу үшін қажетті – коммуникативтік қызметін, екінші қызметіне – эстетикалық, яғни жазушылардың сөз саптау мәдениетіне, жазу шеберлігіне тікелей байланысты көркем шығармалар тіліне тән, адамға образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат беретін қызметін, үшінші қызметіне тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан барлық сөз байлығын бойына жиып, келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыратын, аккумулятивтік қызметін жатқызады [3, 465 б.].

Ғалым Ж. Манкеева «кез келген тіл өз бойында ұлттың тарихы мен мәдениетін, танымы мен талғамын, мінез-құлқын, сана-сезімін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпы мен кәсібін бір тұтастықта сақтайтын таңбалық жүйе ғана емес, мәдениет айнасы. Сондықтан тілді зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіндігі аз. Өйткені мұнда тілдің қызметі коммуникативтік қана емес, мәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы, қорыта айтқанда бүкіл ұлтты бір бүтін қылып тұтастырушы» деп тілдің мәдениетпен тығыз сабақтастығын айтады [4, 15 б.]. Бұл дегеніміз мәдени ұлттық дүниетанымның сыры мен ерекшеліктері сол ұлттың тілінде көрініс табады. Яғни, халықтың тарихы, мәдениеті, салт-санасы, әдет-ғұрыптары, рухани құндылықтары сол тілдегі таңбасы ғана емес, біздің санамыздағы «дүниенің тілдік бейнесі». Тіл тек ақпарат беріп қана қоймайды, әлемнің тілдік бейнесін сипаттауда ерекше қызмет атқарады. Ал адамның танымдық әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Адамның бұл әрекетін танытатын ең басты негізгі белгі – тіл. Адам тіл арқылы ақпараттарды қабылдап, ой жүйесін қалыптастырады. Яғни, тіл ақпараттар алмасудың когнитивтік жүйесі. Сондықтан ол тіл арқылы, тілдік материалдар мен тілдік деректер, тілдік фактілер арқылы зерттеледі. Адамның когнитивтік жүйесі – индивидтің өмірлік тәжірибесі, білімдер жүйесі. Адам дүниені тану, қабылдау арқылы санада ғалам бейнесі туралы тұжырым қалыптастырып, оны таңба арқылы бейнелейді. Бұл тілде жеке сөздер немесе фразалар арқылы көрініс береді.

Талқылау

Кез келген халықтың тарих қойнауынан сыр шертетін, атадан-балаға мирас болып келе жатқан өзінің тілі, төл әдебиеті болады. Ол – сан ғасырлар бойы сол халықпен бірге біте қайнасып келе жатқан асыл қазынасы. Сондай асыл мұраларымыздың бастауы қазақтың халық ауыз әдебиетінде жатыр. Онда халқымыздың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, өмір тәжірибесі, бар болмыс-бітім көрініс тапқан. Ата-бабамыздан ауызша жеткен халық ауыз әдебиеті әр түрлі жанрға, бірнеше түрге бөлінеді. Солардың бірі өзінің құрылымы жағынан да, мағына жағынан да ерекше түрі – мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер халықтың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, рухани, материалдық мәдениетіміздің өзгерістеріне сәйкес дамып отырады. Сол себептен де оларды «халық – өмірінің айнасы» деп атайды. Мақал-мәтелдерде халықтың тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрлері мен өзіндік өмір сүру дағдылары көрініс табады. Олардың танымдық-

прагматикалық қызметі – «мақал-мәтелдер, біріншіден, коммуникативтік оралымдар болғандықтан, коммуникация процесінде қолданылатын қатынас құралының ең құнарлы да өнімді түрі болып саналады. Екіншіден, мақал-мәтелдер тіліміздің ең бір көркемдегіш құралы ретінде мәтін тілін жандандыру, оқырманға белгілі бір жағдайды хабарлай отырып, әсер ету үшін де қолданылады. Үшіншіден, мақал-мәтелдер – бүкіл бір халықтың рухани қазынасын бойына жинақтап сақтайтын, ұлттық рухтың табы сіңген рухани дүние» [5, 18 б.]. Өткен жылдар жаңғырығы бүгінде осы мақал-мәтелдерде сақталған.

Тіл білімінде паремиология бірліктерінің жеткілікті түрде зерттелгеніне қарамастан, олар тіл ғылымының жаңа бағыттарының маңызды зерттеу нысаны болып саналады. Өйткені бұған дейін халық ауыз әдебиетінде жанрлық мәтін ретінде зерттеліп келген мақал-мәтелдерді ғылымның қазіргі даму кезеңінде халық санасының стереотипі ретінде лингвомәдениеттанулық тұрғыдан қарастыру қолға алынуда.

Белгілі бір ұлттың өмірі, тарихы, мәдениеті, шығармашылығы – мұның бәрі адамның мәдени құндылықтарының көрінісі. Бұл құндылықтар тілде, атап айтқанда біз сөз етіп отырған мақал-мәтелдердегі сияқты еш жерде айқын көрініс таппайды. Белгілі бір халықтың мінез-құлық нормаларын түсіну үшін осындай тілдік бірліктерді зерттеп, талдау қажет. Себебі, мақал-мәтелдер белгілі бір ұлттың дүниетаным ерекшеліктерін, белгілі бір мәдениетте қалыптасқан мінез-құлық нормаларын көрсетеді. Адамзат қанша өмір сүрсе де, мақал-мәтелдер әрқашан өзекті болып қала береді. Жалпы, қазақ мақал-мәтелдерінде ұлттың рухани және материалдық өмірінің барлық дерлік саласы қамтылады. Сонымен қатар, оларда халықтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен нормалары, дәстүрлі мәдениеттің элементтері мен құбылыстары көрініс табады.

Тіл арқылы сақталған ұлттық таным көрінісі мен көркемдік танымның заңдылықтарын, ұлттық болмысымен ерекшеленетін нақты тілдік деректерді халықтың тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, наным-сенімі мен мәдени құндылықтарынан, адамның түрлі әрекеті мен қоғамдағы түрлі қарым-қатынастарынан айқындалады. Себебі халықтың мәдениеті, өнері сол этностың танымымен, тілімен, тарихымен, ұлттық санасымен тұтастықта дамиды. Ұлтқа тән бұл құндылықтар ұлттық тәрбие берудің негізі болып табылады. Халқымыз баланы бесікте жатқан сәби кезінен бастап, өлең-жыр, аңыз-әңгіме, ертегілер арқылы тәрбиелеген. Сондықтан қазақ халқының ұрпағы халық ауыз әдебиеті үлгілерімен, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтармен сусындап өскен. Адам әлеуметтік-тарихи тәжірибе бекітілген тілдің – жалпыға бірдей және ұлттық тілдің арқасында әлемді және өзін түсіне алады. Қазір адамның өзінің өткеніне, мәдениетінің бастауларына деген қызығушылығы оны тілге мұқият қарауға мәжбүр етеді.

Қазақ халқы сөз өнерін аса жоғары бағалаған. Сөзді киелі деп те түсінген. Барлық рухани құндылықтардан тілді жоғары қойған бабаларымыз *«Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады», «Тіл бас жарады, бас жармаса тас жарады», «Жүйелі сөз – жүйесін табар, Жүйесіз сөз – иесін табар», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі»* деп ауыздан шыққан әр сөзге мұқият болған. Осылай ежелден сөзді қастерлеген халқымыз ұрпағын *«Тіл қылыштан өткір», «Сөз қадірін білмеген – өз қадірін білмейді», «Бас кеспек болса да, Тіл кеспек жоқ», «Ойы айқынның сөзі айқын», «Құнды сөз құнарлы ойдан шығады», «Тіземнен сүріндірсе сүріндірсін, Тілімнен сүріндірмесін»* деп айтар ойын бір мақалмен жеткізуге, сөздің парқын айыра білуге баулыған халық. Осындай мақал-мәтелдерден қазақ дүниетанымында тілге, сөз құдіретіне, шешендікке ерекше мән берілетінін, оның танымдық аясының терең екенін анық аңғаруға болады. Бұл туралы В.В. Радлов *«Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып айтқыштығы таң қалдырады.... Кез келгені, тіпті оқымаған қараңғы қазақ сөйлеп кеткенде, тілдің ондай күшін Еуропада тек француздар мен орыстардан байқаймыз. Ал қазақ әңгіме шерте қалса, сөздері мөлдір бұлақтай құйылып, жаныңа жайлы тиеді»* дейді [6].

Тіл – адам танымы деңгейінің көрсеткіші. Ол тіл арқылы дамып, кеңейіп отырады. Ғасырлар бойы адамдардың қарым-қатынас процесінде қалыптасып, соның нәтижесінде мінез-құлық ережелері, ұлттың өзіндік болмыс-бітімін білдіретін тілдік нормалар пайда

болды. Тіл мәдениетін терең зерттеген ғалым М. Балақаев «Адам тіл жұмсау әрекетінде сөзді тап-тұйнақтай етіп, дыбыс құрамын бұзбай, нақышын келтіріп, өз әуенімен айтуға дағдылануға тиіс [7, 60 б.]» десе, ғалым М. Серғалиев «бұл талаптарды есте сақтап жүру, орындау сауатты, мәдениетті адамның рухани міндеті және парызы. Оның үстіне, бұл – әркімнің ана тіліне деген құрметін де көрсетеді» деп ойды тілдік құралдар арқылы дәл, дұрыс, ақылға қонымды етіп жеткізе білу қажет екенін айтады. Ол үшін «мынадай үш шарт – дұрыстық, дәлдік және эстетикалық шарт орындалғанда, қолданыс тілі дұрыс деп есептеледі» дейді [8, 42 б.]. Себебі, тіл – адамның барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы, білімді де, мәдениетті де сол арқылы игереді.

Адамның сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы біріншіден, оқу-біліміне, екіншіден, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Қазақта «*Тәрбие басы – тіл*» деген тағылымды сөз тегін айтылмаған. Тіл баланың бойына тәрбиемен бірге сіңуі керек [9, 561 б.]. Ал, ұлттық тәрбиенің қайнар көзі – халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәрбие қағидалары. Ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры деп түсінген халқымыз «*Тәрбие көргеннен тәлім ал*», «*Түріне қарама, тәрбиесіне қара*», «*Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілерсің*» деп балаларды ерте жастан әдептілікке, парасаттылыққа тәрбиелеген. Бұл мақалдар қазақ халқының жас ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне көп көңіл бөлетінін, ерекше жауапкершілікті сезінетінін аңғартады. Оны ата-бабаларымыздың әдептілік, инбаттылық, ізеттілік, сияқты жақсы қасиеттер мен тәлім-тәрбиені ұрпақтан-ұрпаққа нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер арқылы мирас ете отырып, ұлт тәрбиесіне айрықша мән бергенінен байқауға болады. Оған дәлел – «тәрбиелі қыз, арлы жігіт, ел қорғайтын азамат, халық қамын қамдайтын ел ағасы, ұлыстың анасы болуға лайық кемеңгер бәйбіше қандай болу керек, елдің қадірі, жердің қадірі, ата-ана мен ағайынның қадірі неде, осының барлығы – мақалдар мен мәтелдерде қапысыз өрнек салған» [10, 12 б.]

«*Адам ұрпағымен мың жасайды*» деп санайтын қазақ халқы жастайынан ұрпағының бойына имандылық, әдептілік дәнін сеуіп, еңбекқорлыққа баулып өсірген. Оларды оң-солын танып бастағаннан-ақ ибалыққа, имандылыққа тәрбиелеп, әдеп негіздерін сіңіріп, ұрпақ мәселесі, ұрпақ сапалылығына аса мән берген. «*Тәрбиелегің келсе – өзің тәрбиелі бол*» дегенді ұстанған ата-ана отбасында жақсы өнеге көрсетіп, оларға үлгі болған. «*Балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны ілер*», «*Шешенің ізін қыз басар, әкенің ізін ұл басар*», «*Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп, қыз өсер*», «*Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер*», «*Ағасына қарай інісі, апасына қарай сіңілісі*», «*Алдыңғы дөңгелек қайда бұрса, соңғы дөңгелек сонда жүрер*», «*Мейірімділікті атадан үйрен, Әдептілікті данадан үйрен*» сынды нақыл сөздер соның айғағы.

«*Қызы анадан үйренбей өнеге алмас, ұлы Атадан үйренбей сапар шекпес*» деген қазақ мақал-мәтелдердің қисынынан баланың адам боп қалыптасуында отбасының алатын орны орасан зор екенін білеміз. Оның тұлға боп қалыптасып, өмірлік көзқарастарының айқындалуы, эстетикалық талғамы отбасынан басталары анық. Сондай-ақ «әке», «шеше» ұғымдары ұл мен қызға идеал екенін білеміз. Отбасында бұларсыз баланың қалыптасуы, дамуы мүмкін емес. Отбасы – кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі. Ата-бабаларымыздың дәстүрлі жолы бойынша ата-ана мен бала арасындағы сыйластық этикалық ережелерге бағынатындықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқан қадір-қасиеттермен өзара үндесіп жатады. Бірақ бала тек отбасында ғана тәрбиеленбейді, оған қоса оның аралсатын дос-жараны, құрбы-құрдастары бар. «*Адам туа жаман емес, жүре жаман*», «*Сынықтан өзгенің бәрі жұғады*» дейтін халқымыз «*Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол, Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол*» деп кеңес айтады.

Ұл-қыздарының сыпайы сәлемдесіп, жылы шырай танытып, көмекке дайын елгезек, мейірімді болып өскені әрбір ата-ана үшін мерей, мақтаныш. Әсіресе, қыз баланың арлы, әдепті болып өсуін қатты қадағалап, қыз баланың тәрбиесін қашанда маңызды санаған. Қыз баланың жаны нәзік, жүрегі жұмсақ, «*қыз – қонақ*» деп қыз балаға қатты сөз айтпай, бетінен қақпай, төрге отырғызып, мәпелеп өсірген. Десе де «*Қызға қырық үйден тыю*» деп қыздың тәрбиесіне де аса мән берген. Себебі қазақ «*Қыздың абыройы – ата-ананың абыройы*», «*Қызың әдепті,*

ибалы боп өссе – ажарың, Әдепсіз болса – азабың» деп санайды. Қыздың ұятын бүкіл ұлттың намысы деп білген. Қоғам тәрбиесін қыз баланың ұяттығымен ұштастыра қарастырған. Ол өзінің көркімен, сыпайлығымен, әдептілігімен, ибалылығымен ерекшеленген. *«Жаны сұлудың – тәні сұлу», «Сыпайы қыз сұлу көрінер», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз», «Қызы бардың – назы бар», «Жақсы қыз шашбауы сылдырап есік ашады, жаман қыз шашы дудырап кері қашады», «Озар елдің қызы мінезді, ұлы өнерлі келеді»* деген нақыл сөздерден қазақ қызының сырт келбетінің әсемдігіне жан сұлулығы да сай келетіндігін байқаймыз. Бұлар ұлтымыздың ментальді ерекшелігінен туындаған біздің ұлттық мінезіміздің сипаттары.

Халқымыз *«Келінім, саған айтам, Қызым сен тыңда»* дей отырып, қызына үлкенді сыйлау, үй ұстау, ас дайындау, қонақ күту, т.б. әйел адамның міндеттерін рет-ретімен санасына сіңіріп, ерте бастан үйретіп отырған. Қазақ отбасында келіннің мінез-құлқы, сөйлеу әдебі, жүріс-тұрысы қазақ әйелінің үлгісін бейнелейді. Халқымыздың *«Әдепті келін – ауылдың көркі», «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын», «Жақсы келін – қызыңдай, Жақсы күйеу – ұлыңдай»* деген мақал-мәтелдері осыны айғақтайды. Сондай-ақ *«Жақсы үйге түскен келін – келін, Жаман үйге түскен келін – келсап»* дейді халқымыз. Ал, *«Үй иесі – ұл, төр иесі – қыз», «Жігітті жігерінен таны», «Ұл – өмір жалғасы», «Ұл – елдің көркі, халықтың тірегі», «Жігіттің құны жүз жылқы, Ары мың жылқы», «Ердің өзіне қарама, сөзіне қара», «Еркек дауысты қатында ұят болмас, Әйел дауысты еркекте қуат болмас»* деген мақал-мәтелдер қазақ ерлерінің ерекшеліктерін көрсетіп, ұлтымыздың ұл тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлгенін байқатады. Мұндай мақал-мәтелдер қазақ халқы үшін сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан өзіндік заңдар мен ережелер жинағы болып табылады.

Қорыта келгенде, әрбір халықтың рухани байлығы болып табылатын мақал-мәтелдердің тілдік табиғатын анықтау арқылы халықтың көркемдік-танымдық дүниесін, ұлттық және әлеуметтік тұрмысын білуге болады. Байқағанымыздай, қазақ тілінде халықтың рухани болмысын, тұрмыс-тіршілігінің, мәдениетінің негізгі ерекшеліктерін көрсететін мақал-мәтелдердің ауқымы кең. Олар халықтың толық өмірін, оның дүниетанымын, алып рухы мен үрдістерді философиялық тұрғыдан бейнелеп көрсетеді. Оларды бірыңғай құрылым ретінде зерттеу арқылы тұтас бір халықтың өмірі туралы біршама мағлұмат алуға болады. Яғни, қандай да бір тілдің паремияларын талдау белгілі бір лингвомәдениеттік бейнені қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Алайда ұлттық сипат тұрақты емес, ол уақыт өткен сайын ұлт өмір сүрген тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Дегенмен, атадан балаға мирас болып келе жатқан мақал-мәтелдердегі ақпараттарды қорытындылай келе, қазақтың мәдени танымы мен рухани болмысына тән ұлттық ерекшеліктерді байқауға болады. Себебі, кез келген мақал-мәтел когнитивті-этикалық және рухани-эстетикалық бөліктерден тұрады. Олардың негізінде салт-нышандық жүйе мен оның идеялық-ділдік, нақтырақ айтқанда, ойдың және әрекеттің бірлігі мен мазмұны жатыр. Сондықтан да мақал-мәтелдер тілде ерекше орын алады және оларды лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде зерттеу өзекті болып табылады. Мақал-мәтелдерге мұндай тілдік-мәдени тұрғыдан талдау жасау ұлттық-мәдени ерекшеліктерді анықтауға бағытталған. Тілдік белгілер ретінде мақал-мәтелдер лингвомәдениеттануда мәдени маңызы бар құбылыстарды бекіту формаларының бірі ретінде қарастырылады. Олай болса, лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеу өзекті болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Себебі, мақал-мәтелдер белгілі бір ұлттың тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік беретін сөйлеушілердің тілдік санасында маңызды орын алады.

Әдебиеттер

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва: Академия, 2001. – 183 с.
2. Ақбердиева Б.Қ. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік танымдық құрылымдар. Филология ғылымдарының кандидаттық ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2000. – 114 б.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Т. 1. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
4. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

5. Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Филология ғылымдарының кандидаттық ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2002. – 118 б.
6. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...», 26 Қаңтар, 2023 <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61450>
7. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 96 б.
8. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана: Ақмола ҒТАО, 2006. – 273 б.
9. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. Т. 1. – 784 б.
10. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: “Фолиант”, 2010. 65-том. Қазақ мақал-мәтелдері. – 2010. – 414 бет.

Б.Х. Исмоилов

*Ўзбекистон Миллий Университети, Филология факультети таянч докторанти,
Ўзбекистон, Тошкент, 100156,
shohjahonxudoyorov096@gmail.com*

ЮСУФ САККОКИЙНИНГ «МИФТОХУ-Л УЛУМ» АСАРИДА ФАСЛ, ВАСЛ, ИЙЖОЗ ВА ИТНОБГА ОИД ҲОЛАТЛАР ТАФСИЛОТИ

Аннотация. Абу Яъқуб Юсуф Саккокийнинг “Мифтоху-л-улум(илмлар калити)” асари фонетика, морфология, синтаксис, маъоний, баён, бадеъ, мантиқ, шеър, қофия, аруз каби тил ва адабиётга оид энг муҳим билимларни ўз ичига олади. Асарда ҳарфлар ва уларнинг ҳосил бўлиш ўринларидан тортиб, сўзлар тузилиши, жумлаларнинг хатосиз тузилиши ва уларни ҳолатга ва ўринга мослаб гапириш усуллари, жумлаларни бадий санъатлар билан безаш кабилар тушунтирилади. Асарнинг учинчи асосий бўлими балоғат ҳақида бўлиб, унда маъоний, бадий ва баён илмларидан иборат. Маъоний илмида, хабарий ва иншой жумлалар, эга, кесим, феълнинг вазифадош шакллари ва уларнинг зикр қилиш ўринлари, тарк қилиш ўринлари, ўзаро боғланиш ўринлари, қисқартириш, чўзиш, чегаралаш ўринларига оид тафсилотлар баён этилган.

Калит сўзлар. Балоғат илми, маъоний бўлими, хабар жумласи, фасл, васл, ийжоз, итноб.

Abstract. Abu Ya'qub Yusuf Sakkaki's work "Miftohu-l-ulum (the key to knowledge)" contains the most important knowledge of language and literature, such as phonetics, morphology, syntax, meaning, description, art, logic, poetry, rhyme, aruz. The work explains everything from the letters and their places of formation to the structure of words, the correct structure of sentences and the ways of speaking them according to the situation and place, decorating the sentences with artistic arts. The third main section of the work is about adulthood, and it consists of semantic, badi' and narrative sciences. In the science of semantics, the details of informative and essay sentences, possessive, participle, verb forms and their places of mention, places of omission, places of interconnection, places of shortening, lengthening, demarcation are described.

Keywords. Puberty science, semantic section, message sentence, season, wasl, iijaz, itnab.

Юсуф Саккокий “Мифтоху-л улум” асарига фонетика, иштиқок, морфология, синтаксис, маъоний, баён, бадеъ, мантиқ, шеър, қофия, аруз каби тил ва адабиётга оид зарур бўлган энг муҳим илмларни киритади ва уларни тадқиқ этади.

Муаллиф асарини учта катта бўлимга ажратиб, уларни яна қисмларга бўлган. Шулардан биринчи бўлимини сарф, иккинчисини наҳв, ва учинчисини балоғат бўлими деб атади.

Қуйида таҳлилга тортилаётган мақола, балоғат бўлимининг маъоний илми таркибига киради. Бунда жумлаларни боғловчи ва боғловчисиз бирикиши, қисқа жумла билан кенг маъно ифодалаш, кўп жумла билан қисқа маъно ифодалаш кабилар баён қилинади.

Саккокий маоний бўлимини тўртта бобга бўлади. Улар:

1. “Иснод-и хабари” (дарак гап) га оид ҳолатларнинг тафсилоти.
2. Муснадун Илайх (ега) га оид ҳолатларнинг тафсилотлари.
3. Муснад (кесим) га оид ҳолатларнинг тафсилотлари.
4. Фасил, Васил, Ижаз ва Итнабга оид ҳолатларнинг тафсилоти.

Мазкур мақолада маоний илмининг тўртинчи боби ҳақида баён қилинади.

ФАСЛ, ВАСЛ, ИЙЖОЗ ВА ИТНОБГА ОИД ҲОЛАТЛАР ТАФСИЛОТИ.